



■ ҚҰРЫЛТАЙ

ТҰРҒЫНДАР таңдауын жасады



МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНДА МАҢЫЗДЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ НАУҚАН – ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТАҢҒЫ САҒАТ 07:00-ДЕ БАСТАЛДЫ. САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНДЕГІ ДАУЫС БЕРУ РӘСІМІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНМЕН АШЫЛДЫ. ТАҢ СӘРІДЕН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ КЕЛГЕН ТҰРҒЫНДАР ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН БІЛДІРІП, ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ.

Сайлау күні жұртшылық арасында «Генерал әже» лақап атымен танылған 80 жастағы Сәрсенбибі Өтешова.

Өмірлік тәжірибесімен, ақыл-парасатымен және белсенді азаматтық ұстанымымен көпшілікке үлгі болып жүрген ардақты



Құрылтай депутаттарын сайлау қоғамның өзекті мәселелерін талқылауға, халықтың пікірін білдіруге мүмкіндік беретін маңызды қоғамдық-саяси үдеріс болды. Сондықтан әр азаматтың белсенділігі мен таңдауы елдің қоғамдық дамуы үшін айрықша мәнге ие еді.

Мұнайлы ауданында сайлауды өткізу үшін 45 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Аудан халқының санының тұрақты артуына байланысты үш жаңа сайлау учаскесі қосылды. Дауыс беру құқығына ие 88 695 сайлаушы тіркелді. Барлық сайлау учаскелерінде дауыс беруге қажетті жағдай жасалып, тиісті ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Сайлау күні Мұнайлы ауданының әкімі Қанат Құлжанов та сайлау учаскесіне барып, өз таңдауын жасады. Аудан әкімі дауыс бере отырып, Құрылтай депутаттарын сайлаудың елдің қоғамдық өміріндегі маңызын атап өтті. Оның айтуынша, сайлауға қатысу – азаматтың өз таңдауын білдіруі ғана емес, елдің ертеңіне деген жауапкершілігін таныту.

Сайлау барысына ерекше қажеттілігі бар азаматтардың да қатысуына айрықша көңіл бөлінді. Учаскелер пандустармен, арнайы кіру жолдарымен және қажетті жағдайда арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілді. Денсаулық жағдайына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтарға заңнама талаптарына сәйкес тұрғылықты жерінде дауыс беру мүмкіндігі қарастырылды.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтардың Құрылтай сайлауына толыққанды қатысуы үшін барлық қажетті жағдай жасалды. Сол мүмкіндіктердің бірі – инвентакс қызметі болды. І топтағы мүгедектігі бар аудан тұрғыны Дарылғап Жиенбаев арнайы инвентакс қызметінің көмегімен №207 сайлау учаскесіне жеткізіліп, өзінің азаматтық таңдауын жасауға мүмкіндік алды.

Мұндай қолдау шаралары азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына және өз таңдауын еркін білдіруіне жол ашты.

Бірқатар тұрғындар үй жағдайында дауыс беріп, өз таңдауларын жасады. Жасына немесе денсаулық жағдайына қарамастан азаматтық белсенділіктің жарқын үлгісін көрсетті.

Бұл ретте сайлау комиссиясының мүшелері азаматтардың үйлеріне арнайы барып, заң талаптарына сәйкес дауыс беру рәсімін ұйымдастырды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптастыру және қажетті көмек көрсету жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Бұл ретте азаматтардың сайлау құқықтарын толық жүзеге асыруына жағдай жасау басты назарда болды.



Чапай Әбілов сайлау учаскесіне келіп, өз азаматтық таңдауын жасады. Қоғамдық өмірге белсенді араласатын ардагер сайлауға қатысудың маңыздылығын атап өтіп, әр азаматтың дауысы ел болашағына деген жауапкершілікті білдіретінін жеткізді.

– Сайлау – ел тағдырына бейжай қарамайтын әр азамат үшін маңызды мүмкіндік. Өз таңдауымыз арқылы мемлекетіміздің болашағына үлес қосамыз. Барша азаматтарды сайлауға белсенді қатысуға шақырамын, – деді Чапай Әбілов.

Мұнайлы ауданындағы сайлау азаматтардың ел болашағына деген жауапкершілігін танытқан мазмұнды сәттерге толы болды. Бірі сайлау учаскесіне арнайы келсе, енді бірі инвентакс қызметінің көмегімен немесе үйден дауыс беру арқылы өз таңдауын білдірді. Жастар мен аға буын өкілдерінің қатар тұрып, ортақ елдік іске үн қосуы – азаматтық белсенділіктің айқын көрінісі болды.



Мұнайлыдағы әрбір дауыс – халықтың өз пікірін білдіруге деген ұмтылысы, елдің ертеңіне деген сенімі мен жауапкершілігінің белгісі еді.

Ту-Бері АБЫЛАЙ.

